

Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 102 "Қарағанды қаласы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 ақпандағы № 137 шешімі.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 14 наурызда № 6567-09 болып тіркелді

Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 102 "Қарағанды қаласы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6493-09 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қарағанды қаласы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

А. Букенов